УДК 902/904 (574.51)
МРНТИ 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.1.273.287

Жетісу сақтарының ғұрыптық-жерлеу тәжірибесін реконструкциялау: Өрнек қорымы негізінде
(мәдени-хронологиялық талдау)

© 2024 ж. Тулегенов Т.Ж., Амаргазиева Ә.Ж.

Keywords: *Zhetisu, Ornek, Turgen, Saka, funeral rite, cyst, kurgan, burial ground, cult, excavation site*
Түйін сөздер: *Жетісу, Өрнек, Түрген, сақтар, жерлеу ғұрпы, циста, оба, қорым, культ, қазба*
Ключевые слова: *Жетысу, Орнек, Тургень, саки, погребальный обряд, циста, курган, могильник, культ, раскоп*

T. Tulegenov[1] and A. Amargazieva[1]*
[1]"Esik" State Historical and Cultural Museum-Reserve, Esik, Kazakhstan
**Corresponding author*

Reconstruction of the funeral and memorial practice of the Sakas of Zhetisu: based on materials from the Ornek burial ground
(cultural-chronological analysis)

The article presents the results of archaeological research conducted by the comprehensive "Esik" expedition, specifically describing the structural features of the kurgans of the Ornek burial ground, located in the middle reaches of the Turgen River. The primary goal of the long-term research is to introduce the collected materials into scientific circulation, focusing on the features of the burial ritual and the attribution of the artifact assemblage. Further study of these materials will provide new data on the stratification of ancient society in the region. The study of the ritual and burial practices of the Ornek and Turgen burial grounds will enable the reconstruction of the religious and mythological beliefs of the early nomads of Zhetisu. Archaeological research at the Ornek burial ground clearly demonstrates the local characteristics of the ritual and burial culture of its ancient inhabitants. The authors also highlight the phenomenon of "colored" kurgans at the Ornek and Turgen burial grounds.
Source of funding: The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan 2023–2025, IRN BR22082505.
Citation: Tulegenov, T., Amargazieva, A. 2024. Reconstruction of the funeral and memorial practice of the Sakas of Zhetisu: based on materials from the Ornek burial ground (cultural-chronological analysis). *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 1. Pp. 273–287 (in Kazakh).

Т.Ж. Тулегенов[1], Ә.Ж. Амаргазиева[1]*
[1]«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ., Қазақстан
**корреспондент авторы*

Жетісу сақтарының ғұрыптық-жерлеу тәжірибесін реконструкциялау: Өрнек қорымы материалдары негізінде
(мәдени-хронологиялық талдау)

Мақалада «Есік» кешенді археологиялық экспедициясының Түрген өзенінің орта ағысындағы Өрнек обалы қорымына жүргізілген археологиялық зерттеулерінің нәтижелері ұсынылады. Ұзақ мерзімде жүргізілген зерттеулердің басты құндылығы – ғұрыптық-жерлеу құрылымы мен табылған қабір ішілік заттардың толыққанды ғылыми айналымға енуі. Олардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттей отырып, біз ежелгі көшпелілер дәуіріндегі қоғамның стратификациясы (әлеуметтік құрылымы), сондай-ақ олардың өзіндік

тайпалық ерекшелігі туралы аса құнды мағлұматтар алдық. Бұл Өрнек және Түрген қорымдарындағы ұрыптық-жерлеу рәсімдерін зерттеу арқылы Жетісудағы ежелгі көшпелілердің белгілі бір тобының салт-дәстүр, мәдени ерекшеліктерін сипаттай келе, діни-мифологиялық идеяларын реконструкциялауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Өрнек қорымында жүргізілген археологиялық ізденіс жұмыстары осы аумақтың ежелгі тұрғындарының ұрыптық-жерлеу мәдениетінің жергілікті ерекшелігін айқын көрсетіп отыр. Мақалада Өрнек және Түрген қорымынан анықталған «түрлі түсті» обалар феноменінің сипаттамаларына жеке-жеке тоқталып өтетін боламыз.

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР МАМ 2023–2025 жж. арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, ЖТН BR22082505 жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме: Тулегенов Т.Ж., Амаргазиева Ә.Ж. 2024. Жетісу сақтарының ұрыптық-жерлеу тәжірибесін реконструкциялау: Өрнек қорымы материалдары негізінде (мәдени-хронологиялық талдау). *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 1-т. 273–287-бб.

Т.Ж. Тулегенов[1], А.Ж. Амаргазиева[1]*

[1]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Есик, Казахстан

**автор-корреспондент*

Реконструкция погребально-поминальной практики саков Жетысу: по материалам могильника Орнек
(культурно-хронологический анализ)

В статье представлены результаты археологических исследований комплексной экспедиции «Есік», в частности описаны конструктивные особенности курганов могильника Орнек, расположенного в среднем течении р. Тургень. Основная цель многолетнего исследования – введение в научный оборот полученных материалов об особенностях погребального обряда и атрибуция предметного комплекса, дальнейшее исследование которых позволит получить новые данные о стратификации древнего общества региона. Изучение ритуально-погребальной обрядности могильников Орнека и Тургень позволит реконструировать религиозно-мифологические представления ранних кочевников Жетысу. Археологические исследования, проведённые на могильнике Орнек, отчётливо показывают локальные особенности ритуально-погребальной культуры древних жителей. Авторы отдельно остановятся на характеристике феномена «цветных» курганов могильников Орнек и Тургень.

Источник финансирования: Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования МКИ РК на 2023–2025 гг., ИРН BR22082505.

Цитирование: Тулегенов Т.Ж., Амаргазиева А.Ж. 2024. Реконструкция погребально-поминальной практики саков Жетысу: по материалам могильника Орнек (культурно-хронологический анализ). *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 1. С. 273–287 (на каз. яз.).

Кіріспе

Ежелгі көшпелілердің діни-мифологиялық идеяларын реконструкциялауда: тұрғын үйлері (қоныстар), жерлеу орындары (обалар), бейнелеу өнерінің монументалды және шағын пішіндегі бұйымдары сынды функционалдық элементтерінің өзара байланысынан тұратын урбанизациялаудың келесі жүйелері маңызды рөл атқарады. Мұндағы археологиялық дереккөздердің соңғы екі категориясы тарихи қауымдастықтардың әлеуметтік құрылымы мен дүниетанымын реконструкциялауда аса маңызды. Мифология мен бейнелеу өнері – ежелгі мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланысты екі көрнекті құбылысы. Миф пен өнер ежелгі адамзат қоғамының өзіндік санасын және табиғи-әлеуметтік құндылықтар жүйесіндегі орнын қалай бағамдайтынын көрсетеді.

Өрнек қорымындағы ұрыптық-жерлеу рәсімдерін зерттеу – Жетісудың ежелгі көшпелілерінің біз таңдаған әлеуметтік тобын сипаттайтын белгілерді анықтауға мүмкіндік берді. Өрнек қорымынан жартылай жер астында қаланған тас жәшікті конструкциялы жерлеу орындары бар ерекше

ескерткіштер табылды. Сондай-ақ Өрнек қорымының барлық обаларында орташа өлшемді өзен малтатастарынан қаланған жоғарғы қабат жабындысы анықталды. Тұғыртасы мен үйіндіге дейінгі платформа тастарының түс айырмашылықтары байқалады. Жалпы оба тастары ұқсас (сұр) реңді болғанымен, тұғыртасы қызғылт түсті, ал қабір шұңқырының қабырғалары көкшіл-ақ тастармен қаланған екен. Демек, аталмыш өңірдің ежелгі тұрғындары үшін түстің семантикалық мағынасы маңызды болған. Сонымен қатар Іле Алатауының өзен тастарының алуан түрлі композициясы обаларды безендіруге жақсы ой салған. Қазіргі таңда біз осы мәселе бойынша зерттеулер жүргізуді жалғастырудамыз.

Материалдар мен әдістер

Жұмыс барысында зертханалық-аналитикалық, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, аналитикалық, жалпылау, сипаттау, т.б. әдістер қолданылды. Ғылыми-зерттеу барысында жерлеу құрылыстарынан өзен тастарынан бой көтерген циста түріндегі аз зерттелген нысандар анықталды, мұндай жерлеу кешендері «классикалық» сақ дәуірінен үйсін кезеңіне өтпелі уақытта қалыптасқан болуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі ретінде осы микроаймақта «түрлі түсті» обаларымен ерекшеленетін мәдениетті иеленушілердің мекендегені жайлы аз да болса мәліметтің жинақталғаны болып отыр.

Материалдарды сипаттау

Қазіргі таңда алдын ала алынған нәтижелер де жоқ емес, бұл – ең алдымен, зерттеудегі қыштың жеткілікті коллекциясы мен обалар туралы статистикалық мәліметтер жиынтығы. Қолда бар материалдар осы мәдениетті иеленуші сақ тайпаларының мекендеу ортасын локализациялауға мүмкіндік беретін құнды дереккөздер болып табылады. Түрген өзенінің орта ағысындағы сақ мәдениетінің бірегей ескерткішін зерттеу нәтижелері соңғы кезде жарияланған ғылыми мақалаларда сөз болады, атап айтқанда, қорымдардан анықталған қыш ыдыстар, металл және сүйек бұйымдары сияқты заттай материалдардың, жерлеу культінің құрылымдық ерекшеліктері мен осы аймақтан анықталған «түрлі түсті» обалар феноменінің сипаттамалары берілді [Мухтарова және т.б. 2021; Бексеитов және т.б. 2020; Джасыбаев және т.б. 2020; Омаров және т.б. 2023]. Өрнек обаларына құрылымдық жағынан жақын нысан ретінде тұғыртаспен сақиналанып қаланған Түрген қорымының «түрлі түсті» обаларын жатқызуға болады, мұндай құрылысты бір мәдениетті иеленушілер жасаған болуы да мүмкін.

Осыған сүйене отырып, екі ескерткіш әртүрлі аумақта бола тұра, біртұтас құрылымдық элементті сақтаған деген болжам жасауға болады. Өрнек обасының құрылысындағы анықталған «көк түсті» сақина тұғыртастары өзінің функционалдық мақсатына қарай, Түрген обаларының «түрлі түсті» сақиналарымен мәндес [Байпақов 2019: 19]. Алайда мұндай ерекшеліктерді қолдағы бар деректердің аздығына байланысты әлі де болса ірі мәдени құбылыс деп айтуға асықпаймыз. Болашақта тыңғылықты зерттеулер нәтижесі осындай мәдени ерекшеліктің болғанын растайды деп үміттенеміз.

Қазіргі уақытта Өрнек қорымында (болжам бойынша сақ қоғамының орта әлеуметтік табына жататын) екінші тізбектің төрт обасын қоспағанда, үш обалы тізбегінің екеуі (12 оба) толық зерттелді, зерттелмеген төрт обаның үшеуі газ құбырына жақын орналасуына байланысты әзірше оларға қазба жүргізу мүмкін емес. Үшінші элиталық оба егістіктің ортасында орналасқан және археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлек қаржыландыруды қажет етеді (1-сур., *1*). Өрнек обаларының құрылымдық ерекшеліктері – архитектуралық және ғұрыптық-жерлеу рәсімдері бойынша Есік қорымынан айтарлықтай өзгеше. Типологиялық параметрлері бойынша да айырмашылықтары бар. Мұнда обалар көлемінің едәуір кішірейгені байқалады.



1-сур. Өрнек қорымының жоспары. © Google Earth Орындаған: Т.Ж. Тулегенов
Fig. 1. Plan of the Ornek burial ground. © GoogleEarth Performer: T. Tulegenov
Рис. 1. План могильника Орнек. © Google Earth Исполнитель: Т.Ж. Тулегенов

2022 жылы «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер обаларының конструктивті ерекшеліктері» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жүргізілген археологиялық зерттеу барысында 5 км радиуста қосымша барлау жасау туралы шешім қабылданған болатын. Осы барлау нәтижелері бойынша екінші тізбектен солтүстік-шығысқа қарай 1 км жерде Өрнек қорымының № 3 тізбегіне кіретін екі оба анықталды. Оның бірі – осы қорымнан табылған ең үлкені. Үйіндінің биіктігі 3 м, диаметрі 45–50 м болатын сегментосфера пішінді, маңында ені 8 м-ге жуық, тереңдігі 0,4–0,6 м болатын арықтың арнасы жатыр. Обаның жоғарғы жағында *тригопункт* (бетон арқалық) қалдықтары мен тонау іздері байқалады.

№ 2 кіші обада «Есік» музей-қорығының қызметкерлері 2022 жылғы далалық маусымда қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттелген № 2 оба № 1 обадан 30 м, суармалы арықтың оңтүстігінен 5 м, кәріз суы құбырының солтүстігінен 20 м жерде орналасқан. Зерттеуді бастамас бұрын солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс бағыттары бойынша болжамды үйінді орталығы арқылы ені 3 м болатын екі стратиграфиялық шурф салынды. Қазба барысында нысанның нақты өлшемдері анықталды: үйіндінің диаметрі 18 м, биіктігі ежелгі жер табанынан 0,7 м, қара шірінді (гумус) қабаты 0,2 м, басқа жақтан тасымалданып қаланған саз қабаты 0,5 м құрайды.

№ 2 обаның конструкциясында бұған дейін осы қорымның зерттелген обаларынан кейбір айырмашылықтар болды, яғни тастан қаланған үстіңгі қабат жабындысы жоқ және сақиналы тізбегі жер бетінен 30–40 см төмен орналасқан. Мұның себебін екі мәселемен байланыстыруға болады, біріншісі – сақина тастары алдын ала қазылған шұңқырға салынған, екіншісі – қазіргі кездегі мелиорация жүйесінің қарқынды жүргізілуі. Обаның жерлеу орны өте үлкен, мұндай өлшемдегі

жерлеу шұңқыры шағын үйінділерге тән емес және бұрын-соңды бұл қорымда кездеспеген. Дегенмен обалардың жерлеу мәдениетіндегі жақындықты көрсететін басты ерекшелігі – қабірішілік құрылыстың ұқсастығы. Қабір құрылысының пішіні тікбұрышты, өзен тастарынан (алуан түсті тастардан) қаланған тас жәшік.

Тас жәшік өлшемі: 4,2 × 2,4 м, әдеттегідей батыс-шығыс бағытында қаланған. Жерлеу орнының көлеміне қарай бірден бұл жұптық (қосарлап) жерлеу немесе атты қоса жерлеу болуы мүмкін деген болжам жасалды. Жерлеу орнын қазу барысында әртүрлі тереңдіктен қыш бұйымдардың бөлшектері табылды. Табылған бөлшектер арқылы диаметрі 17,5 см, биіктігі 4,5 см болатын ыдыс қалпына келтірілді. Осылайша табылған қыш ыдыстардың қалдықтары және обаның тас қабатынан алынған тастардың іздері мен ескерткіштің тонаушылар қолымен бүлінгенін дәлелдейді. Тонаушылар шығыстан кірген. Тағы бір таңғаларлық жағдай, адам қаңқа сүйегінің табылмауы, тіпті, сүйек бөлшегінің бірде-бір мүшесі кездеспеді. Бұл марқұмның денесі әлі ыдырай қоймаған кезде тоналғанын меңзейді. Жоғарыда келтірілгендей адаммен бірге жылқы, немесе оның бір бөлігі жерленген *(pars pro toto)* деген болжамымыз расталды. Қазба барысында жылқы сүйектері анықталды. Ең үлкен бөлшегі (жақ сүйегі) қабір түбінен табылды. Мұндағы жерлеу ғұрпы Өрнек қорымының басқа да обаларымен байланысты екені сөзсіз (жылқы культі туралы толық ақпарат төменде келтірілген). Жерлеуден алынған заттай материалдар қатарында қыш сынықтары мен металл бұйымдары (алтын фольга) болды. Алтын фольга ұсақ бөлшектелгендіктен, заттай дерек ретінде қарастырып, қандай да бір қорытынды жасай алмаймыз. Ал қыш фрагменттерінің жұқа сырты жылтыратылғаны, ангобталғаны осы ежелгі микроөңірдегі көзешілер шеберліктерінің жоғары деңгейінің көрсеткіші бола алады.

Қазба жұмыстары кезінде обаның бірнеше рет тоналғанына қарамастан, қабір құрылысының ішіндегі құрылым (тереңдігі 1,2 м) және оның құрылу реттілігі нақты анықталды. Қабір шұңқырының жиектеріне саз балшықпен бекітілген орташа тас төселген. Бұл аймақтағы саз тығыздығының жоғарылығына қарамастан, қабірді түрлі түсті таспен безендірудің мәні арнайы рәсіммен байланысты болуы мүмкін [Конструктивті 2022: 20].

Жеті жылдық далалық маусымда (2015–2022 жж.) «Есік» музей-қорығының қызметкерлері қорымдағы 13 обаны толық зерттеп бітті. Бұл зерттеулер өз кезегінде микроөңірдің ежелгі тұрғындарының салт-дәстүрі, қабір құрылымдарын құру реттілігі және олардың конструктивті ерекшеліктері туралы белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Екінші тізбектің барлық обаларында көкшіл түсті тастан қаланған сақина тәрізді безендірілген үйінді асты платформа түріндегі құрылымдық-семантикалық элемент кездеседі. Сақиналардың ені 50 см-ден 1,5 м-ге дейін. Екінші тізбектегі барлық обалардың іргесінен 30–35%-ға көтеріліп, оба үстін толық жауып тұрған көк тастардан қаланған жоғарғы тас қабаты бары анықталды. Аталмыш тізбектің 10 обасының ішіндегі тек үшеуінде ғана түрлі түсті өзен тастарынан қаланған циста түріндегі қабірішілік безендіру болған жоқ.


Алайда біз зерттеген осы тізбектегі соңғы обада түрлі түсті тас сақинасы болғанын атап өткен жөн, мұндай конструктивті ерекшеліктер жылдың белгілі бір уақытында, яғни көк тастарды тасымалдап жеткізудің қиындығымен немесе келе-келе дәстүрдің өзгеруімен байланысты болуы мүмкін.

Жерлеу құрылыстарын жобалаудағы мұндай «түс шешімі» Өрнек, Түрген және Рахат III қорымдарының біртұтас мәдени туыстығы болған, сонымен қатар жерлеу рәсімінің әсемдігін қамтамасыз ету үшін де «түс шешімі» қолданылған деген ойға жетелейді [Бексеитов, Тулегенов 2020: 58–63]. Мұндағы жерлеу құрылымдық конструкциясының семантикалық құрамы үйінділерді «безендіру» мен үйінді табанының платформасын түрлі түсті тастармен қалау арқылы көрсетілген.

Айта кету керек, Қапшағай су қоймасының су басу аймағында обалар апатты жағдайда қазылғандықтан үйіндіні аршу кезінде археологтар үйінді тас жабындылары мен жоғарғы қабат

қаландыларының «түс шешімі» жобасы арқылы жасалғанына мән бермеген болуы ықтимал. Қазіргі таңдағы үйіндінің бетін алдын ала тазарту арқылы қазу жұмыстарының заманауи әдістері көптеген мүмкіндіктерге жол ашты. Осылайша Түрген қорымындағы атақты «түрлі түсті» оба жалғыз емес екеніне көзіміз жетті деуге болады. Тастың түсін саралау және оны жерлеу құрылыстарын жобалауда қолдану Түрген өзені аңғарындағы сақ мәдениетінің айрықша белгісі болып шықты.

Сонымен Түрген қорымындағы «түрлі түсті» патшалық оба (ғұрыптық-жерлеу кешені) (2-сур., *1*) үйінді асты платформасының айналасындағы жиектері қызғылт көкшіл тастан қоршалған дөңгелек пішінді тас төсемдердің мақсатын тағы зерделеуге негіз болды. Апатты жағдайдағы төрт обаға шұғыл қазба жүргізілгенде тоналған шұңқырдан заттай материалдардың табылмауына байланысты бастапқыдағы қабірүстілік конструкциялар деген пікір жоққа шығарылды. Обаның негізгі тасының түсі көкшіл, бірақ олардың барлығы қызыл түсті таспен немесе арақашықтықтары сақталған үздіксіз сақинамен қоршалған. Біріншіден, әдеттегіден өзгеше СБ–ОШ қарай бағыт алған бұл таяз жерлеу орындары, ешбір қалдығы қалмаған сәбилердің жерленген жері немесе өлген жауынгерлердің «кенотафтары» болуы ықтимал. Екіншіден, бізге беймәлім ежелгі рәсімдегі безендірудің бір түрі де болуы мүмкін. Дегенмен де мұның бәрі діни-ғұрыптармен (культпен) байланысты орындалған. Конструкцияның ортасындағы шұңқырлар бұрын ойлағандай тонау іздері емес, культтік рәсімнің көрінісі болуы да мүмкін деген болжам жасай келе, «Түрген-Өрнек феномені» болашақта жан-жақты зерттеуді қажет ететін ескерткіш болып табылады.



2-сур. Түрген қорымының «түрлі түсті» обасы. Жоспар. Орындаған: Wang Yangyang
Fig. 2. «Colored» kurgan of the Turgen burial ground. Plan. Performer: Wang Yangyang
Рис. 2. «Цветной» курган мог. Тургень. План. Исполнитель: Wang Yangyang


Тастан қаланған жәшіктердің ішкі конструкциясына толығырақ тоқталар болсақ, олар 0,7 м-ден 3,4 м-ге дейінгі түрлі тереңдікте, әдеттегідей батыс-шығыс сызығымен бағытталған төртбұрышты пішінде қаланған. Олардың кейбіреулерінің бұрыштары көтеріңкі (бұл ерекшелікке алғаш археолог Б.Н. Нұрмұханбетов 2015 жылы назар аударған болатын), төсек пішініне ұқсатып жасағандай. Тас жәшік пен бақылау шұңқырларын (шурф) аршып болғанан кейін олардың кейбіреулерінің қабырғаларының артында өсімдіктердің ыдырау қабаты анықталды. Бәлкім, осылайша тастарды жеткізгенге дейін шұңқыр уақытша топырақпен толтырылған болса керек. Кейбір қабір түбіне еден ретінде былғары төсеніш (?) салынған, ол толық сақталмаған, тек ыдыраған органика түрінде ғана байқалады.Тағы бір ерекшелік цистаның тас қаландылары көбінесе ежелгі жер бетінің деңгейінен төмен аяқталады, бірақ батыс және шығыс жақтары бүйірден екі-үш деңгейге жоғары қаланған.

Бірінші тізбектегі обалар басқаларынан өзгеше. Оларда айналдыра қаланған сақиналар жоқ (айналмалы дәліз?) және көлемі жағынан кіші. Үйінділердің биіктігі 1,5 м, жерлеу тереңдігі

0,6 м-ді құрайды. Сонымен қатар бұл обалардың батыс жағына апаратын дәлізге лай үстіне шайылған құм төселген. Лайдың құм астында қалуы жерлеу мен оның үстіндегі үйіндіні тұрғызу арасындағы уақыт алшақтығының болғанын, яғни (үйіндінің кейін тұрғызылғанын) жерлеу орнының алдын ала дайындалғанын дәлелдейді. Мұндай төсеніш екінші тізбектің № 7 обасынан да анықталып отыр.

Нәтижелер

От культі. Өрнек қорымында үш обадан от табы (ғұрыптық тұрғыдан пайдаланғаны) анықталды. Сонымен қатар бірінші тізбектің № 2 обасында ортаңғы қабірдің жанынан оған мөлшерлес көлемде тастан қаланған құрбандық ошағы табылды (3-сур., *1*), оның іші ағаш көмірімен араласқан таспен толтырылған (4-сур., *1*). Бұл біз ойлағандай өлікті өртеу ғұрпы болуы мүмкін. Ондағы жерленушінің бойы орташа, жас бала (?) болуы да мүмкін. Ағаш толық жанбаған күйінде табылды, демек құрбандық орны от әлі жанып бітпеген кезде топырақпен көмілген. Орынды тазалау кезінде оттың жалыны өте күшті болғаны және шарпыған от табының қалыңдығы 10 см шамасында болғаны анықталды. Тас жәшіктің шығыс жақ табанынан ұсақ ағаш көмірі мен өртенген асықтардың қалдықтары табылды. Сондай-ақ қазба барысында құрбандық орнының батыс жағынан да 14 асық пен мал сүйектері көмілген күлтөкпе шұңқыр табылды. Ежелгі көшпелілердің жерлеу ескерткіштерінде кездесетін жәдігерлер санатының бірі – жануарлардың асығы. Мұндай материалдар негізінен балалар бейітінде кездеседі. Осылайша, алдын ала жасалған болжамдар бойынша бұл асықтар – ойын асықтары [Умиткалиев, Тлеугабулов 2017: 38].



3-сур. Өрнек қорымы. I тізбек, №2 оба, циста құрылыстары. Орындаған: Е. Рахманкулов

Fig. 3. Ornek b.g. 1st chain, kurgan No. 2, cyst structure. Performer: E. Rakhmankulov

Рис. 3. Мог. Орнек. I-я цепочка, кург. №2, структура цисты. Исполнитель: Е. Рахманкулов



4-сур. Өрнек қорымы. I тізбек, № 2 оба. №2 циста. Салттық құрылым. Фотосурет: Т.Ж. Тулегеновтікі
Fig. 4. Ornek b.g. 1st chain, kurg. № 2, cyst No. 2. Ritual construction. Photo: T. Tulegenov
Рис. 4. Мог. Орнек. 1-я цепочка, кург. №2, циста № 2. Ритуальная конструкция. Фото: Т.Ж. Тулегенов

Құрбандық орнының солтүстік жағында, ежелгі жер бетінен ұсақ мал сүйектерінің қалдықтары табылды. Құрбандық орнын қоршап тұрған саздың тесілуіне және көмірдің мөлшеріне сүйене отырып, оның үстіндегі от жалынының өте күшті болғанын байқауға болады. Әзірге Есік микроөңір аймағынан құрылымы дәл мұндай ескерткішті кездестірген жоқпыз. Демек біз қарастырып отырған аймақтың ежелгі тұрғындарының арасында от культі (отқа табынушылығы) кездесетін өзіндік мәдениетті иеленушілер болған. От (сонымен қатар алтын, қызыл түсті бұйымдар) марқұмды ақтық сапарға шығарып салу кезінде қолданылған [Ақышев 1984: 133].

Сонымен қатар қорымдағы екінші тізбектің № 7, 9 обаларында да от табы байқалады. № 7 обада күлтөкпе ежелгі жер бетінен табылды және қабірдің шығыс жағын қоршап жатты. Ал № 9 обада күл мен балшықтың іздері тастан қаланған іргенің жанына салынған жалдан анықталды.

Жылқы культі. Құрбандыққа шалынған жылқының қаңқа сүйегі екінші тізбектің үш (№ 2, 6-7) обасында кездеседі. 2022 жылы зерттелген үшінші тізбектің № 2 обасындағы құрбандыққа шалынған жануардың қаңқа сүйектерінің барлығы бір жылқының толық сүйегі *(pars Pro toto)* емес, тек мүшелері ғана. Өрнек қорымындағы жылқы малын құрбандыққа шалу ғұрпының кездесуі оны аймақтағы басқа қорымдардан ерекшелендірді. Бір қызығы, көбінесе құрбандыққа шалынған жылқыны бүтіндей қоймаған, тек бір мүшесін ғана (бас сүйегін, жауырынын, жамбасын, қабырғаларын, тоқпан жілігін және т.б.) арнаған. Көбінесе мұны ғалымдар «жерлеу тағамы» деп болжам жасайды [Кузьмина 1977: 37]. Сонымен қатар екі обадан да ұсақ малдың сүйектері шықты.

Қыш. Өрнек қорымы өкінішке қарай, әр кезеңдерде тонауға жиі ұшыраған. Алайда қорымнан бірегей пішінді, алуан түрлі қыш (ыдыстар) материалдар көптеп табылды. Олардың қатарында алмұрт пішінді классикалық құмыралар, сұйық өнімдерді тасымалдауға арналған миниатюралық тостағандар мен жіңішке мойынды ыдыстар кездеседі [Тулегенов және т.б. 2019: 131–138; Тулегенов және т.б. 2022: 244–254]. Табылған қыш коллекциясы құрамы, жасалу техникасы мен біркелкі күйдірілуі бойынша жоғары сапада. Тіпті, қарапайым жерлеу орнынан сырты жылтыратылған, ангобталған қыш ыдыстар табылған болатын. Қабірге қыш ыдыстар өте жиі қойылған, егер бас жағында орын болмаса, марқұмның аяқ жағына тізген. Бұған дәлел, бірінші тізбектегі № 2 оба мен екінші тізбектегі № 7 оба қабірлерінің материалдары.


Қыш ыдыстарды жасау дәстүрі (көзешілік) ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген. Сондықтан қыш бұйымдар ескерткіштің кезеңделуін анықтауда нақты көрсеткіш материалы бола алмайды, бірақ қару-жарақ, сүйек пен алтыннан жасалған бұйымдар коллекциясымен бірге Өрнек қорымынан табылған құмыралар, тостағандар, саптыаяқтар б.д.д. V–IV ғғ. классикалық сақ кезеңіне жатады деп сенімді түрде айта аламыз [Тулегенов 2022].

Металл және сүйектен жасалған бұйымдар. Өрнек қорымына зерттеу жүргізілген жылдары металдан (алтын, темір, қола) және сүйектен жасалған заттар табылды. Алтын әшекейлер қатарында зер моншақтар, жапсырмалар, түймелер мен алтын фольгалар болса, темірден жасалған бұйымдар – шақан мен оның басының фрагменті, жебенің ұштары, пышақ, қорамсақ түбі. Ал қоладан жасалған артефактілер үш түрлі: ұңғымалы жебе ұштары мен ілмек, ат әбзелінің аң стиліндегі тоға фрагменттері болды. Қорымнан анықталған мұндай олжалардың түрлері ежелгі Жетісу тұрғындарының (б.д.д. V ғ. – б.д.д. III ғ. бірінші жартысы) қару-жарақ кешенінің құрамы мен ерекшеліктері туралы ойымызды айтарлықтай кеңейте түседі. Сонымен қатар қару-жарақ туралы жаңа деректер сақ қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін реконструкциялауға мүмкіндік береді, өйткені әртүрлі көлемдегі жерлеу кешендерінде түрлі қаруды орналастыру дәстүрінің арасындағы байланыс барған сайын айқын бола бастады. Көбінесе, қару-жарақтар жиынтығы арнайы жасақ жауынгерлері мен ақсүйектерге тиесілі орта және үлкен обалардан анықталды. Ал көлемі кіші обаларда қару сирек кездеседі [Тулегенов, Иванов 2016: 150–155]. Бұл материалдар әсіресе, ат әбзелдерін безендіруге қолданылған тоғалар ескерткішті б.д.д. IV–III ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Сүйектен жасалған артефактілер қатарында жебе ұштары, белдік жапсырмалары (жыртқыш құстың басы бейнеленген зооморфты тілікше), марал бейнеленген салпыншақ (5-сур., *1*) бар. Қалпына келтіру барысында бұйымдағы жануар бейнесі анықталды. Аңдық нақыштағы тілікшенің төменгі екі бұрышында тұмсығы бір-біріне қаратылған жыртқыш құстар бейнеленген. Құстардың бастары – тұмсығы мен көздерінің схемалық сызбасы тамшы тәрізді. Тұмсықтары мен көздерінің ойықтары қызыл бояумен боялған. Тілікшенің жиектерінде ұсақ саңылаулар бар, демек ол кезінде киімге немесе белдік қайысына тігілген. Мұндай жыртқыш құстардың бейнелері Еуразияның кең-байтақ аумағында мәдени және хронологиялық тұрғыдан кең таралған [Королькова 1998: 166]. Жыртқыш құстардың бейнесі тек ежелгі қолданбалы өнер туындыларында ғана емес петроглифтер репертуарында да (сирек болса да) кездеседі. Әсіресе, Сібір, Орталық Еуропа елдеріндегі жартас суреттеріндегі бейнелерді салыстырмалы типологиялық талдау барысында анықталғандай, хронологиялық тұрғыдан неолит немесе ерте қола дәуірінен бастау алады [Кубарев және т.б. 2005: 50–51]. Ал Жетісу петроглифтеріндегі жыртқыш құс суреттерін мамандар қола және ерте темір дәуірімен мерзімдейді. Сонымен қатар мұнда олар аңдық нақышта бейнеленген. Десе де жеке суреттері де, күрделі композициялар құрамы ретінде де кездеседі. Ерте дәуірдегі суретшілердің бұл туындылары қандай да бір салт-дәстүрге байланысты болды ма, жоқ шығармашылық адам басқа мақсатты көздеді ме? Әзірге мәселенің түпкілікті шешімі жоқ [Железняков 2019: 73]. Дегенмен қолданбалы өнер және петроглиф туындыларының өзара параллелі болғаны сөзсіз.

Сонымен Өрнек қорымындағы № 14 обадан табылған сүйек тілікшесі мен қыш бұйымдар, жебелер б.д.д. IV–III ғасырлармен мерзімделеді.

Талқылау

№ 7 және 9 обалар негізіндегі жерлеу рәсімінің жүйесі. Барлық обалар тоналып, құрылымы бүлінгендіктен бұл ескерткішті құрылымдық тұрғыдан үлгі ретінде ала алмаймыз. Тонаушылар обаның құрылысын жақсы білгендіктен қабірдің алтын бұйымдарға бай батыс бөлігін тонап кеткен. Тік көлденеңінен қазылған шұңқыр (тонау дәлізі) арқылы тоналған. Жерлеу құрылыстарының шығыс бөліктері кейбір обаларда бұзылмаған болып шығуы бізге бүкіл жерлеуді реконструкциялауға және оның жасалу кезеңдерін қалпына келтіруге мүмкіндік берді.



5-сур. Өрнек қорымы. II тізбек, №14 оба. Сүйек салпыншақ.
Суретші: А.Н. Рахметов
Fig. 5. Ornek b.g. 2nd chain. Kurg. № 14. Bone pendant.
Artist: A. Rakhmetov
Рис. 5. Мог. Орнек. 2-я цепочка, кург. № 14. Костяная подвеска.
Художник: А.Н. Рахметов

Бірінші кезеңде қабір шұңқырын қазу және үйіндінің тұғыртасы мен айналасындағы сақинаны безендіру үшін көк тастарды жеткізсе керек. Бұл тастардың нақты қайдан әкелінгені белгісіз. Қорымнан батысқа қарай 1 км жерде орналасқан Қарасу өзенінің арнасынан тасымалдануы мүмкін. Екінші кезеңде обаның қабырғаларын нығайту мақсатында құрамында өсімдіктері бар (қамыс?) балшықпен сылаған. Үшінші кезеңде жоғарғы қабатын жабу мақсатында Түрген өзенінің арнасынан түрлі түсті өзен тасы (қиыршық тастар) жеткізілген.

Қабірдің қабырға тастары өте мұқият қаланып, оның пішіні жәшік іспеттес формаға келтірілген. Бір қызығы, тас жәшіктің оңтүстік және солтүстік беткейлері ежелгі жер беті деңгейіне жетпей, қабір түбіне де жетпей, екі арадағы деңгейде тұрса, батыс пен шығыс жағы керісінше қабір түбіне тиіп те, жер бетінен асып та тұр. Бұл өз кезегінде бесіктің құрылымын еске түсіреді. Нақты сенімді болмасақ та, ежелгі адамдардың түсінігінде туу және өлу процесі мәңгілік ұғымымен біртұтас болған.

Төртінші кезеңде, марқұмды қабірдегі арнайы дайындалған орынға басын батысқа қаратып, аяқ-қолын созып, шалқасымен жатқызған, түрлі қыш ыдыстар мен құрбандыққа шалынған мал жіліктері (мүшесі) қойылған. Марқұмның бетін жабынмен жауып, одан кейін қабір шұңқырын мұқият тас қаландымен толтырған (бітемелеу). Құрылыстың мұндай күрделі болуының себебі, марқұмның туыстары осындай әрекетімен тонаудың алдын алған.

Бесінші кезеңде, біраз уақыт өткеннен кейін обаның үйіндісі тұрғызылады: үйіндінің тұғыр тасы қаланып, шеттері сақиналанады, қабырғалары көтеріледі және сыртқы қабаты жабылады. Топырақ өзен жағасында орналасқан карьерден әкелінсе керек, өйткені оның құрамында көп мөлшерде сұрғылт реңкті лай батпақ бар. Зерттеу барысында № 2 тізбектен 200–250 метр қашықтықтан үш бұлақ табылды, олар шамасы, ежелгі бұлақ тектес шағын өзеннің көне құрғап қалған арнасы, ал топырақ дәл соның жағалауынан алынған.

Қосарлап жерлеу. 2016 жылы «Есік» музей-қорығы мен Оңтүстік Корея мамандары бірлесіп ұйымдастырған экспедиция ең ірі обаға қазба жүргізді. Оба биіктігі жағынан шағын болғанымен, көлемі жағынан өте үлкен – диаметрі шамамен 40 м болды (6-сур., *2*) [Тулегенов және т.б. 2020: 141]. Қазба барысында тас циста түрінде жобаланған қабір шұңқырының үлкен өлшемі (6 × 4 м) бірден көзге түсті. Бұл жұптық жерлеу немесе атты қоса жерлеу деген болжам жасалды. Сонымен қатар зерттеу барысында қабір шұңқырынан 2 метр қашықтықтағы ежелгі жер бетінен анатомиялық жағынан бір бүйірімен жатқызылған жас әйелдің (жынысы нақты емес) қаңқа сүйегі табылды [Джунг Ли 2018: 60]. Бұл жағдай обаны алғашқы тонау жерлегеннен кейін көп ұзамай-ақ болғанын көрсетеді. Әйелдің қолдары байланып, айқасып жатты. Тонаушылар мұны әдейі жасаған болуы мүмкін, өйткені сүйек ыдырай бастаған, оның жіліншік сүйектері тонаушылардың үйіндісінің астында қалған. Кемелденген ер адамның қаңқа сүйегі (бас сүйегінің аман қалған бөліктерінің қалыңдығына қарай) қабір түбіне жақынырақ жерден табылды. Оның сүйектері шашыраңқы жатты. Демек бұл қабірдің қайта тоналғанын білдіреді. Ежелгі тонаушылар әртүрлі деңгейде жатқан сүйектерді арнайы құралмен сындырған [Тулегенов 2015: 394–405].

Қосарлап жерлеу қола дәуірі мен Алтай сақтарында жиі кездеседі. Жетісу жерінде бұл үрдіс Өрнек қорымынан байқалып отыр. Бұған шығыс тайпаларының (Қазақ Алтайының жерлеу-



6-сур. Өрнек қорымы. II тізбек, №2 элиталық оба. Обаның жалпы көрінісі.
Қазақ-Корей бірлескен археологиялық экспедициясы барысында орындалған аэрофототүсірілім

Fig. 6. Ornek b.g. 2nd chain, elite kurg. No. 2. General view of the kurgan.
Aerial photography taken during the joint Kazakh-Korean archaeological expedition

Рис. 6. Мог. Орнек. 2-я цепочка, элитный кург. № 2. Общий вид кургана.
Аэрофотосъёмка, сделанная в ходе совместной казахстанско-корейской археологической экспедиции

ғұрыптық мәдениетінің элементтері) ықпалы болуы мүмкін. Параллельдер жерлеу рәсімінің (оттың) ұқсас элементтерін ғана емес, сонымен қатар діни-мифологиялық көзқарастардың, салттық жоралғылардың ортақтығын көрсетеді [Нұржанов және т.б. 2020: 70].

Қорытынды

Жалпы Өрнек қорымы Жетісудың басқа қорымдарымен құрылымы, салт-дәстүрі жағынан ұқсастығына қарамастан, сақ мәдениетінің бірегей ескерткіші ретінде ерекшеленетін материалдар беріп отыр [Тулегенов, Чекин 2018: 356]. Сонымен қатар Шығыс және Оңтүстік Қазақстандағы ұқсас ескерткіштермен салыстырмалы талдау жүргізуге негіз болады. Солтүстік немесе солтүстік-шығыс секторында жылқы, қой сүйектері немесе ат әбзелдері қойылған қабір және марқұмды арқасымен жатқызып, басын солтүстік немесе солтүстік-батыс бағытына қойып жерлеу Шығыс Қазақстанның ежелгі тұрғындары мәдениетінің басты белгісі болып табылады [Омаров 2015: 120].

Жерлеу кешенінен алынған заттай материалдар мен жерлеу ғұрпының конструктивтік ерекшеліктерін талдай отырып, Өрнек микроөңірінің ежелгі тұрғындары тысқары аймақтан келуі мүмкін деген тұжырым жасаймыз. Шығыс Қазақстаннан келген сақ тайпалары қоныстанған болуы да ықтимал (бұл ойымызды қорымнан табылған, Қазақ Алтайының жерлеу орындарына ұқсас материалдар да дәлелдей түседі). Аталмыш обалардағы жерлеу орындарының орналасуы мен бағыт-бағдары сынды маңызды тұстарында көп ұқсастықтар анықталды. Бұл алдағы уақытта тыңғылықты зерттеуді талап ететін өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Венгрияның жаратылыстану ғылымдары музейінің антропологы Андраш Жолт Бироның бүлінбей сақталып қалған бас сүйектердің біріне ауызша жасаған қорытындысы бойынша, моңғолоидтық белгілер болған, одан әрі екінші тізбектің № 5 обасының жебе ұштары Алтай жерінен табылған жебе ұштарына ұқсас. Біз қарастырып отырған қорымның жерлеу рәсіміндегі жылқы мен қойдың мүшесін (pars pro toto) құрбандыққа тарту параллелі культінің сипатын Шығыс Қазақстан ерте сақтарының мәдениетімен байланыстырады [Самашев 2022: 9–31]. Мысалы, ерте сақ кезеңіне тиесілі Шығыс Қазақстандағы обаларға жүргізілген қазба барысында жылқыны қоса жерлеудің бірнеше түрі анықталды, олардың ішінде бүтін жылқыны ғана емес, сонымен бірге оның жіліктерін (мүшесін) тарту, яғни тобығы, терісі және т.б. [Омаров 2020:53] кездеседі.

Ежелгі Жетісу жерінің көп бөлігінде кездесе бермейтін қыш бұйымдарының жиынтығы мен құралдарының түрлері шығыстық элемент әсерлерінің болғанын, тіпті, сол жақтан келгенін меңзейді. Екінші тізбектің № 14 обасынан табылған сүйек тілікшедегі анық бейнеленген грифон культі де [Джасыбаев және т.б. 2020: 340–348] біз алға тартқан болжамды растағанымен, Өрнек қорымында отқа табынушылық (культі) белгілердің болуын оны батыстағы сарматтардың ықпалымен де байланыстыруға болады [Лукпанова 2017: 153].

Жетісу өңірі ерте замандарда-ақ көптеген тайпалар мен халықтардың тарихи тағдыры ғана емес, сонымен қатар бірін бірі байыта түскен, түрлі аймақтардың мәдени ықпалдары да тоғысқан мекен. Осыған орай Жетісу өңірінің ежелгі тұрғындарының әлеуметтік құрылымындағы патша обаларының ерекше мәртебесі туралы тезисті растайтын заңдылық байқалды («Бәйтерек», «Есік», «Түрген», «Өрнек», «Қаракемер», «Асысаға», «Жуантөбе» қорымдарын зерттеу нәтижелері бойынша), ол – биіктігі 6 м және одан жоғары барлық обалар «патшалық тізбектерден» бөлек орналасқан; ең үлкен нысанның айналасында кішірек обалар шеңбер бойымен орналасқан, онда қорым тізбегі солтүстік-оңтүстік бағытта созылады, бірақ кейде шамалы ауытқулары да жоқ емес.

Кейбір жағдайларда Жетісудың ежелгі көшпелілерінің қорымдарындағы оба тізбегі өте аз, бұл олардың осы микроаумақта қалыптасуы аяқталмай қалғанын көрсетсе керек. № 1 тізбектің уақыты шамамен кейінгі сақ кезеңіне тиесілі болуы мүмкін (б.д.д. III ғ.), жерлеу орындарынан шегелі жебе ұштары табылды. Бұл өз кезегінде, қорымның пайда болып, қалыптасуы ұзақ уақыт болғанын көрсетеді. Анықталған материалдарға сүйене отырып, № 2 тізбек, әртүрлі уақытта пайда болған

деп есептейміз. Кейбір обалар бір-біріне тым жақын орналасқан. Онда туыстас адамдар жерлене отырып, қорым бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан. Ескерткіштің пайда болуы б.д.д. V ғасырдан басталса, оны жерлеу орны ретінде пайдалану III ғасырларда тоқтатылған.

Алдағы уақытта Жетісудағы сақ дәуірінің тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін зерттеу жұмыстары өз жалғасын табады. Аталмыш өңір сақ қоғамының әлеуметтік-мүліктік жіктелу мәселелерін зерделеудің басты дереккөздерінің бір болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 *Акишев А.К.* Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.

2 *Байпаков К.М., Воякин Д.А., Амиров Е.Ш., Антонов М.А.* «Цветной» курган могильника Тургень // Изв. НАН РК. (ҚР ҰҒА хабарлары) Сер. обществ. наук. 2009. № 1. С. 16–22.

3 *Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т.Ж.* Конструктивные особенности курганов сакской культуры Жетысу на материалах могильников Орикти I и Рахат III (итоги сезона 2019 г.) // История и культура Великой степи. М-лы. междунар. науч.-практ. конф. / Отв. ред. М.Х. Абусеитова. Алматы: Шығыс пен Батыс, 2020. С. 58–64.

4 *Джасыбаев Е.А., Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г.* Костяная пластина из Орнекского могильника: к вопросу об аналогиях изображениям голов хищных птиц // Маргуланские чтения-2020. В 2-х т. Т. 1. Алматы: ИА КН МОН РК, 2020. С. 340–348.

5 *Железняков Б.А*. Образ птиц на скалах Жетысу: к постановке проблемы // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2019. № 1 (3). С. 73–82.

6 Конструктивные особенности курганов ранних кочевников Шелек-Талгарского междуречья // Отчет о НИР (итог.) Государственого историко-культурногомузея-заповедника «Есік»; рук. Омаров Г.К.; отв. исполн.:Тулегенов Т.Ж. и др. 2022. 127 с. № ГР 0121РК00716. Инв. № 0222РК00636.

7 *Королькова Е.Ф.* Иконография образа хищной птицы в скифском зверином стиле VI–IV вв. до н.э. // История и культура древних и средневековых обществ. Сб. статей, посвящ. 100-летию со дня рожд. М.И. Артамонова (Проблемы археологии. Вып. 4). СПб.: СПбГУ, 1998. С. 166–177.

8 *Кубарев В.Д., Цэвээндорж Д., Якобсон Э.* Петроглифы Цагаан-Салаа и Бага-Ойгура (Монгольский Алтай). Новосибирск: ИАЭт СО РАН, 2005. 640 с.

9 *Кузьмина Е.Е.* Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов Старого Света. // Средняя Азия в древности и Средневековье (история и культура) / Под ред. Б.Г. Гафурова, Б.А. Литвинского. М.: Наука, 1977. С. 28–52.

10 *Лукпанова Я.А*. Реконструкция женского костюма из элитного погребения Таксай-1: взгляд археолога // Поволжская археология. 2017. № 1 (19). С. 145–156.

11 *Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б*. Генезис культуры ранних кочевников Шелек-Талгарского междуречья юго-восточного Жетысу (на примере могильников Орнек и Турген) // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Сер. историч. 2021. № 3 (102). С. 206–212.

12 *Нуржанов А.А., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А.* Новые данные о культуре саков Жетысу: краткие результаты полевых исследований 2020 г. на территории г. Алматы. // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2020. № 4 (10). С. 70–95.

13 *Омаров Ғ.Қ.* Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 256 б.

14 *Омаров Ғ.Қ.* Шығыс Қазақстанның ерте сақ дәуірінің жерлеу ескерткіштері // I-Есік оқулары: Алтын адам және Евразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері халықар. ғыл.-тәж. конф. м-ры. Есік, 2020. 52–60-бб.

15 *Омаров Г.К., Тулегенов Т.Ж., Амаргазиева А.Ж.* Культурные и хронологические особенности погребально-поминальных памятников саков Жетысу на примере могильника Орнек // Вестник КазНУ. Сер. историч. 2023. № 1 (108). С. 162–169.

16 *Самашев З.* Об одном погребально-поминальном обряде у ранних саков // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2022. № 3 (17). С. 9–31.

17 *Тулегенов Т.Ж.* Охранно-спасательные работы на курганном могильнике Орнек (итоги полевого сезона 2015 г.) // Мир Большого Алтая. 2016. № 4. Т. 2. С. 930–935.

20 *Тулегенов Т.Ж*. Изучение курганов Жетысу // 40-я Ежегодная конференция Корейского археологического общества «Origin Studies in Korean Archaeology Revisited». Сеул, 2016. С. 394–405.

24 *Тулегенов Т.Ж.* Не все то золото, что блестит // Огни Алатау [Электронный ресурс]. URL: https://ognialatau.kz/news/cat-6/21178/ (дата обращения: 07.11.2023).

23 *Тулегенов Т.Ж., Железняков Б.А., Исабекова К.Б.* Атрибуция и культурная интерпретация музейных коллекций сако-уйсунской эпохи из фондов музеев Алматинской области // Вестник КазНПУ им. Абая, сер. «Историч. и соц.-полит. науки». 2022. № 4 (75). С. 244–254.
21 *Тулегенов Т.Ж., Иванов С.С*. Новые находки предметов вооружения сакского времени из могильника Орнек (Семиречья) // Кадырбаевские чтения: м-лы V Междунар. науч. конф. Актобе, 2016. С. 150–155.
18 *Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г.* Одно из погребений раннего железного века могильника Орнек. Маргулановские чтение–2018 / Отв. ред. А.А. Бисембаев. Алматы: ИА КН МОН РК; АОИКМ, 2018. С. 355–363.
19 *Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Джасыбаев Е.А*. Археологический погребальный комплекс Тургень–Орнек–Рахат: к вопросу о «цветных» курганах // I-Иссыкские чтения: м-лы Междунар. науч. конф. / Отв. ред. Г.Р. Мухтарова. Алматы, 2020. С. 138–141.
22 *Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Султаниярова А.Ж.* Атрибуция и культурная интерпретация коллекции керамики сакской эпохи из фондов государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык» // Вестник КазНУ им.аль-Фараби. Сер. историч. 2019. № 4 (95). С. 131–138.
25 *Умиткалиев У.У., Тлеугабулов Д.Т*. Асыки и их роль в мировоззрении кочевников // Народы и религии Евразии. 2017. Т. 10. № 1–2. С. 37–44.
26 *Jung Li, Choi Seokhoon*. Distribution of kurgans in Issyk area, Kazakhstan // Asian Archaeology. 2018. Pp. 55–65.

REFERENCES

1 Akishev, A. K. 1984. *Iskusstvo i mifologiya sakov (Art and mythology of the Sakas).* Alma-Ata: “Nauka” Publ. (in Russian).
2 Baipakov, K. M., Voyakin, D. A., Amirov, Y. S., Antonov, M. A. 2009. In *Izvestiya NAN RK. Ser. obshchestvennykh nauk (News of the NAS RK. Ser. Social Sciences)* 1, 16–22 (in Russian).
3 Bekseitov, G. T., Tulegenov, T. Z. 2018. In: Anuseitova, M. H. (ed.). *Istoriya i kultura Velikoy stepi (History and culture of the Great Steppe).* Almaty: “Shıgıs pen Batıs”, 58–64 (in Russian).
4 Jasybayev, Y. A., Tulegenov, T. Z., Chekin, A. G. 2020. In *Margulanovskiye chteniya–2020 (Margulan Readings–2020).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 340–348 (in Russian).
5 Zheleznyakov, B. A. 2019. In Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology) 1 (3), 73–82 (in Russian).
6 In: Otchet o NIR (itog.) Gosudarstvenogo istoriko-kulturnogo muzeya-zapovednika «Yesík»; ruk. Omarov G.K. (in Russian).
7 Korolkova, E. F. 1998. In Problemy arkheologii (Problems of archaeology), 166–177 (in Russian).
8 Kubarev, V. D., Tseveendorzh, D., Yakobson, E. 2005. *Petroglify Tsagaan-Salaa i Baga-Oygura (Mongol’skiy Altay) (Petroglyphs of Tsagaan-Salaa and Baga-Oigur(Mongolian Altai)).* Novosibirsk: Institute of Archaeology and Ethnology of the SB RAS (in Russian).
9 Kuzmina, Y. Y. 1977. In: Gafurov, B. G., Litvinsky, B. A. (eds.). *Srednyaya Aziya v drevnosti i Srednevekovye (istoriya i kultura) (Central Asia in antiquity and the Middle Ages (history and culture)).* Moscow: “Nauka” Publ., 28–52 (in Russian).
10 Lukpanova, Y. A. 2017. In *Povolzhskaya arkheologiya (The Volga river region archaeology)* 1 (19), 145–156 (in Russian).
11 Mukhtarova, G. R., Tulegenov, T. Z., Bessetayev, B. B. 2021. In *Vestnik KazNU im.al’-Farabi, Seriya istoricheskaya (Journal of History)* 3 (102), 206–212 (in Russian).
12 Nurzhanov, A. A., Jumabekova, G. S., Bazarbayeva, G. A. 2020. In *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)* 4 (10), 70–95 (in Russian).
13 Omarov, G. K. 2015. *Shıgıs Kazakhstannıgn erte temir dawiri (Early Iron Age of Eastern Kazakhstan).* Almaty: Kazakh University (in Kazakh).
14 Omarov, G. K. 2020. In: *I-Esik oquları (I-Issyk readings),* 52–60 (in Kazakh)
15 Omarov, G. K., Tulegenov, T. Z., Amargaziyeva, A. Z. 2023. In Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya (Journal of History) 1 (108), 162–169 (in Russian).
16 Samashev, Z. 2022. In *Kazakhstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)* 3 (17), 9–13 (in Russian).
17 Tulegenov, T. Z. 2015. In *Mir Bolshogo Altaya (World of Greater Altai)* 4, 930–935 (in Russian).
20 Tulegenov, T. Z. 2016. In: *40-aya Yezhegodnaya konferentsiya Koreyskogo arkheologicheskogo obshchestva «Origin Studies in Korean Archaeology Revisited» (40th Annual Conference Korean Archaeological Society «Origin Studies in Korean Archaeology Revisited»).* Seul, 394–405 (in Russian).
24 Tulegenov, T. Z. 2022. In: Ogni Alatau (Lights of Alatau). URL: https://ognialatau.kz/news/cat-6/21178/ (in Russian).

23 Tulegenov, T. Z., Zheleznyakov, B. A., Isabekova, K. B. 2022. In *Vestnik KazNPU imeni Abaya, ser. «Istoricheskiye I sotsialno politicheskiye nauki» (Bulletin of the Abay University, series "Historical and social and political sciences)* 4 (75), 37–44 (in Russian).

21 Tulegenov, T. Z., Ivanov, S. S. 2016. In: Bissembaev, A. A. (ed.). *Kadyrbayevskiye chteniya (Kadyrbayev readings).* Aktobe, 150–155 (in Russian).

18 Tulegenov, T. Z., Chekin, A. G. 2018. In *Margulanovskiye chteniya–2020 (Margulan Readings–2020)*, 355–363 (in Russian).

19 Tulegenov, T. Z., Chekïn, A. G., Jasybayev, E. A. 2020. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *I-Issykskiye chteniya (I-Issyk readings).* Almaty, 138–141 (in Russian).

22 Tulegenov, T. Z., Chekin, A. G., Sultaniyarova, A. Z. 2019. In *Vestnik KazNU im.al'-Farabi, Seriya istoricheskaya (Journal of History)* 4 (95), 131–138 (in Russian).

25 Umitkaliyev, U. U., Tleugabulov, D. T. 2017. In *Narody i religii Yevrazii (Peoples and religions of Eurasia)* 10 (1–2), 37–44 (in Russian).

26 Jung, Li, Choi, Seokhoon. 2018. In *Asian Archaeology*, 55–56 (in English).

About the Authors

Tulegenov Turali – Head of the Medieval Talgar City Research Department, "Esik" State Historical and Cultural Museum-Reserve, Esik, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-7993-5612 E-mail: tur4ik_kz@mail.ru

Amargazieva Assel – Chief custodian, "Esik" State Historical and Cultural Museum-Reserve, Esik, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0001-7961-3755 E-mail: klio_7@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Тулегенов Туралы Жақсылықұлы – Ортағасырлық Талғар қалашығын зерттеу және қорғау бөлімінің жетекшісі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ, Қазақстан

Амаргазиева Әсел Жақслықбайқызы – бас қор сақтаушы, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ, Қазақстан

Сведения об авторах

Тулегенов Туралы Жаксылыкович – руководитель отдела охраны и исследования городища Талгар, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Есик, Казахстан

Амаргазиева Асель Жакслыкбаевна – главный хранитель, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Есик, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.05.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.